

«Компанияның құрлық нысандарына 2023 ж. 1 қараша мен 2023 ж. 31 желтоқсан аралығында әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініш беру»

**тақырыбындағы
ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ХАТТАМАСЫ**

Атырау қаласы, 2023 жылғы 26 мамыр

Өткізу күні: 2023 ж. 26 мамыр, 15:00-ден бастап 17:00 дейін

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы:

Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

2. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы:

Компанияның Атырау облысы аумағындағы шаруашылық қызметін жүзеге асыруға экологиялық 2023 жылдың қараша-желтоқсан айларына рұқсат алу үшін ұсынылатын, бұрын келісілген эмиссиялар нормативтерінің жобаларын, Қалдықтарды жайғастыру бағдарламасының жобасын, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасын, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын, күкіртті орналастыру стандарттарының жобасы қамтитын өтінім құжаттарының жиынтығы.

(қаралатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы.

Материалдар бірыңғай экологиялық порталда (<http://ecoportal.kz>) және Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет-ресурсында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>) жарияланған.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

№	Атауы	Облыс	Аудан	Координаттар, градус, минут, секунд, ендік	Координаттар, градус, минут, секунд, бойлық	Аумақтың ауданы
1	Қашаған кен орны Құрлық кешені	Атырау облысы	Мақат ауданы	47, 15, 19, 98	52, 21, 43, 294	480

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Атырау облысы, Мақат ауданы

(көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдау өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани» компаниясының ҚР-дағы филиалы, БСН 000 241 000 874, 060002, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 1-үй; тел. +7 (7122) 928000, Факс: +7 (7122) 925800; e-mail: rokcorrespondence@ncoc.kz; сайт: <https://www.ncoc.kz>

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

1	«SED» ЖШС	Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050043, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел. 8 (727) 247-23-23, 247-26-36, факс: 338-23-74 Эл. пошта: sed@sed.kz , сайт: http://www.sed.kz
---	-----------	--

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдау өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаудың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

«Компанияның құрлық нысандарына 2023 ж. 1 қараша мен 31 желтоқсан 2023 ж. аралығында әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініш беру» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау

2023 жылғы 26 мамырда жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де Атырау қаласы, Мақат ауданы, Сәтбаев көшесі, 1, Жастар ресурстық орталығында қоғамдық тыңдау сонымен бірге ZOOM платформасында онлайн режимінде өтті. Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін қатысушылардың барлығы келесі сілтеме арқылы өту қажет болды:

Zoom деректері: <https://us06web.zoom.us/j/84500713674?pwd=ZWRvdzZjNDJEMTROSEhNZnMxRzRoQT09>

Meeting ID: 845 0071 3674

Passcode: 563394

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаудың басталатын уақыты, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдау ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдау өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

1-қосымшадан қараңыз

10. Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағын 2-қосымшадан қараңыз

11. Қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

- 1) Бірыңғай экологиялық порталда;
- 2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының жоба бойынша құжаттар жарияланған интернет-ресурсының адресі:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> және бірыңғай экологиялық портал: <https://ecoportal.kz/>

(ресми интернет–ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдау басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

1	Хабарландыру жарияланған газет атауы:	«Прикаспийская коммуна», «Атырау»
2	Хабарландыру жарияланған теле немесе радиоарна атауы:	«Caspian News» телеарнасының жүгіртпе жолы
3	Қағазға басылған хабарландыруларды ілуге арналған орындардың (хабарландыру тақталарының) орналасқан жерлері:	Мақат ауданындағы хабарландыру тақтасы

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

2023 жылғы 20 сәуірде Атырау қаласының «Caspian NEWS» телеарнасында жүгіртпе жол арқылы хабарланды;

2023 ж. 21 сәуірде «Атырау», «Прикаспийская коммуна» газеттерінде жарияланды, 3-қосымшадан қараңыз;

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және хабарландырулар ілуге арналған орындарда. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына жалғанған.

Хабарландыру келесі мекенжайда жарияланды: Мақат ауданы, Мақат кенті, Сәтбаев көшесі, 1, Жастар ресурстық орталығының хабарландыру тақтасы.

12. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімдері:

Бірауыздан 30 офлайн, 54 онлайн, жалпы 84 қатысушы «қолдаймын» деп дауыс берді

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету керек)

Бірауыздан 30 офлайн, 54 онлайн, жалпы 84 қатысушы «қолдаймын» деп дауыс берді

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету керек)

Бірауыздан 30 офлайн, 54 онлайн, жалпы 84 қатысушы «қарсымын» деп дауыс берді

(осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес себептерді көрсете отырып, қоғамдық тыңдау өткізілмеді деп тану туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету керек)

13. Тыңдалған барлық баяндамалар туралы мәліметтер:

Байзаков Кайрат «SED» ЖШС, Экологиялық дизайн және ӨОӘБ әзірлеу департаментінің аға менеджері

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны) Қоғамдық тыңдауға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдау хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы, пікірлері мен ұсынымдары)

16. Қоғамдық тыңдау хаттамасына сот тәртібімен шағым жасауға болады.

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы:

Ермағамбетов Ербол Қонысбайұлы, Мақат ауданы әкімінің орынбасары

30.05.2023 

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы:

Нәкімжанова Жансая Нұрланқызы – "ТАҢ" Қолдау және даму қорының директоры

30.05.2023 

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№ № рс	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және / немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және / немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1.	Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданы тұрғыны Жалпы НКОК компаниясы 2004 жылдан бері Қазақстанда, соның ішінде Мақат ауданында қызмет етіп жатыртқандарына өзіңіз де білесіздер. Алайда, 2004тен бері Мақат ауданына берген уәделерін орындаған жоқ. Мысалы, қазір әр кезде біздер айтамыз қоғамдық тыңдау кезінде Мақат ауданың халқы керек болып қалады екен. Жұмыссыздық мәселесі шешілген жоқ ешқашан. 92 компаниясы бар екен, тек қана НКОК-қа мердігер мекемелері. Соған жергілікті халықты кіргізе алмай отырық. Халық	Жанаисов Уәлихан, НКОК компаниясының Денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі директор Жұмыссыздықта айтылып жатқан сұрақ. Ол деген заңды түрде шешілу керек. Біз оператор болып, әр мердігерге олай бекіте алмаймыз. Заңды түрде шешіледі. Бірақ алдында келген себеп, Сұңқармен біздің басшының орынбасарының келген себебі, сол сұрақты жергілікті әкімдікпен көтеріп, қандай құралдарды қолдану болатын талқылады. Құлжанов Сұңқар, Жергілікті мемлекеттік	Жауап берілді

	жұмыссыз, ең төмен деңгейде. Кәзір қаланың халқына қарағанда, ауыл халқы төмен өмір сүріп жатыр. Қандай кедергі бұл? Біздің мәселе шешілмейтін болса, сіздің қоғамдық тыңдауларыңызды ешқашан өткізбейміз біз.	органдармен және жұртшылықпен байланыс жөнінде менеджер, НКОК Жалпы жұмыссыздық мәселесі біздің күн тәртібімізде тұр. Мердігерлермен күнделікті байланыстамыз, оларға бірнеше рет хабарландыру жібердік. Осы өткен жұма күні, 19 мамырда, өзімізге қарасты, зауытпен байланысты жұмыстарға тартылған мердігерлерден 25 мекеме Мақатқа келіп, әкімдік пен жұмыссыздық бойынша сөйлесілді. Әкімдік өздері ұйымдастырған шараға НКОК компаниясы басшылығы, біздің кадр бөлімінің мамандары, мердігер мекемелердің басшылығы барып, жұмыссыздық мәселесі сөйлесілді. Осы жерде Гүлжанар Тлесовна да айтады алады, байланыс телефондары алынып, осы мәселенің шешімі алдағы уақытта табылады деп үміттенеміз. НКОК компаниясының вакансия туралы мәлімет компанияның ресми сайтында күнделікті шығады. Біздің жұмысқа алу процессі ашық. Бәрі талап шарттарға сай келетін кандидаттар болса, ол позицияға ешқандай кедергі болмастан жұмысқа тұруға болады. Мақат ауданынан НКОК компаниясында көптеген мамандар жасайды. Келесі айда Ербол Қонысбайұлымен келісімімен, осы Мақаттық кәсіпкерлермен кездесіп, біздің НКОК компаниясына тіркелу, НКОК компаниясының тендер талаптары және сатып алу жоспарлары туралы мәлімет туралы келісі айда кездесу ұйымдастыру жоспарлап отырмыз.	
2.	Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны Жасыл желектендіру келетін болсақ, жасыл желектендіру деп аты тек. Күні кеше осы компанияның басшысы өзі келіп мына Доссор кентіне екен талдарды көріп кетті. Тал емес анау, бұтақ! Солай атаймыз біз оны, жасыл желек емес ол. Жасыл	Жанаисов Уәлихан, НКОК компаниясының Денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі директор Бірінші рет өткізіп тұрған жоқпыз, бірнеше рет осы Мақатта болдық. Рақмет тағыда уақытыңызда алып, келіп отырғандарыңызға. Ғазиз, сіздің айтқандарыңыздың бәрін бірінші рет талқылап	Жауап берілді

	желекке ақша бөлініп жатыр, бірақ тек ең төменгі деңгейдегі бұтақтарды алып келіп, егіп жатсыңдар біздің Доссорға. Не сұмдық бұл?! Немесе ақшаны үнемдеп жүрсіндер ма? Халықтың, мемлекеттің ақшасын сендер үнемдеуге қандай құқықтарын бар? Неге бұтақ егесіз?	отырған жоқпыз. Біз айттық, оның көбі заңды түрде және де бұрын бекітілген келісім-шарттардың бәрін дұрыстап, талқылады, жергілікті әкімдік, мемлекет, НКОК акционерлерден тұрады. Сондықтан ондай сұрақтардың бәрі талқылауда. Меморандум бойынша былтыр бастадық. Техникалық жағынан Өтесін Сарсенбай жауап береді. Біршама сұрақтар бар, судың жағы, не егеміз, қалай егеміз деген, оның бәрі басында жоба жасалғанда жергілікті әкімдікпен бекітіледі. Сол жоба бойынша жасалып жатқан жұмыстар кеше біздің Ерлан Баккожаевич келген кезде бәрін көрді. Оның бәрін іште тағы да Сарсенбайдың командасымен қарастырамыз. Өтесін Сарсенбай, НКОК компаниясының нысандар басқару бөлімінің жобалар үйлестірушісі Жасыл желек бойынша жоба жасалды Агломерации Институтымен, Астана қаласында көгалдандыру жүргізген. Институт келіп жоба жасады осы жерде, топырақ зерттеулерін алды, қандай тал егіледі, соның бәрін көрсетті. Былтыр күзде жұмыс басталды. Бірақ жұмыс басталғаннан кейін су мәселесі көтерілді. Ербол мырза біледі. Өзі бас аяғында болды. Су мәселесі қандай болды: су КОС-тан алыңдар деді. Біз КОС-ты барып тексердік, жинақтауыш көлемі өте кішкентай, бір су тасушы толтыруға екі сағат үстінде уақыт кетеді. Насос жасамайды, әр келген адам өзінің дизель генератормен, насоспен келеді сол жерге. Ол рас болған жағдай. Сосын біз не істедік. Компанияның мердігер мекемесі, алғы қарай жұмыс жасау үшін бос тұрған бассейнді жөндеп, бөлек су шығарды сол жерге. Қазіргі күні бүкіл су тасушылар барып, насостармен су алады, бірақ 2-3 сағат күтпей, 15 минутта толтырып кетіп қалады. Осы мәселе болды,	
--	---	---	--

		сол себепті талдар 80% жоғары тірі. Күзде егілген тал олар кішкене қиындау болады, уақыт керек. Ол Атырауда біздің басымыздан өтті, амандық болса келесі жылы ол талдар өсім береді. Су мәселесі болғандықтан, су жеткіліксіз. Су тасып құйғандықтан, өте қиын тал өсіруге. Мақат ауданында алу жағы жақсы болу мүмкін, себебі біз КОС-тан тікелей труба тарттық. Ал Доссорда КОС қосылған күні солай да жасаймыз.	
3.	Ермағамбетов Ербол Қонысбайұлы, Мақат ауданы әкімінің орынбасары Көгалдандыру мәселесіне Мақат пен Доссордың халқының наразылық білдіру дұрыс. Кеше егілген талдар көктемде қазір тірі деп айтып тұрсыз, бірақ та тірі тал өзінің тіршілігін білдіріп, жапырақ шығу керек ғой. Сіздікі жаңа айтқандай бұтақ болып тұр. Былтырғы жылы біз жергілікті атқарушы орган ретінде ұсыныстарымызды айттақ сіздерге. Біздің айтқанымызбен келісіп, біздің айтқан талдарды еккенде, мүмкін жақсы нәтиже берер еді. Бірақ сіздің мердігер мекеменің өкілі көп көлемде біздер ондай талдарды таба алмаймыз, сіздер өздеріңіздер аз көлемде алғаннан кейін, тапқан шығарсыздар деп. Біздер айттық ширекте тұратын арнайы жабық тамыры әкеліп егетін болсақ, оның өсімділігі де тиымды болады және нәтижені де жылдам береді, жылдам көгалдандырып, жайқалып тұрады. Ал сіздердің әкелгендеріңіз, аласа және бұтақ түрінде әкеліп, ашық тамырмен еккеннен кейін, әрине оның өсіп, өніп кетуі қиын болады, және де көп күш керек болады. Сондықтан осындай мәселелерді институтпен зерттеп егіп жатырмыз деп айтасыздар ғой, дұрыстап ескерген дұрыс, жергілікті атқарушы	Ұсыныс қабылданды.	Ұсыныс қабылданды

	органдардың тәжірибесінде ескергендерің жөн деп ойламын. Тағы да бірлесіп, ақылдасып, осы көгалдандыру мәселесін шешуіміз керек енді. Толықтыру, Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны Мен жаңа әдейі айтпай отырған едім. Былтыр, алдыңғы жылдары атқарушы органдармен Орал питомниктен тал алынып келді, айналысы топырағымен. Әкелді де салды да болды, сордың үстінде шығып жатыр қазір. Атынан ат үркетін НКОК компаниясына қандай кедергі сол талды әкелуге? Сендер тек ақшаны үнемдеп отырсыңдар		
4.	Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны 5 млн доллар беруге уәде беріңіздер. Ол да жоқ. Қайда ол 5 млн доллар Мақат ауданына бөлінеді деген? Құр уәде тек! Үкіметке жібердік, үйтік бүйтік дедіңіз. Келсін осы жерге үкіметтің адамы, сол өткізбей отырған адам. 60 пәтер уәде беріңіздер бастаймыз деп ауданымыздан. Халық әлі үй сұрап отыр. Сіздер мұнай аладыңыз екен, тек сіздің қызықтарына Мақат халқы қарап отыры ма? Ничего подобного!		Мақат ауданы үшін 5 миллион долларды қамтитын қосымша бюджетті бекіту процессі жүріп жатыр. Тендер жеңімпазы жоғары баға ұсынғандықтан, уәкілетті орган келісім-шартты бекітуден бас тартты. Жаңа тендер процесі басталды.
5.	Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны Одан кейін 714, 711 деген біздің разведочный блок бар. Мына Қарабатаннан келе жатқан магистральный газопровод бойында. Кәсіпкерге, елдігіне беріп тұр игеруге, НКОК компаниясы соттасып кедергі жасап отыр оған. Қандай қақысы бар онда? Сендермен де соттасайық онда бізде. Кедергі жасап отырайық	Жанаисов Уәлихан, НКОК компаниясының денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі директоры Не блокты айтып отырғаныңызды білмеймін. Оны да қарастырамыз. Құлжанов Сұңқар, Жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс	Мәселе бойынша қарастырылады

	мұнай өндіруге. Біздің Мақат ауданының экономикасын көтеруге кедергі жасап отырсыңдар. Ол жерде мемлекеттің үлкен разведочный блок тұр. Ал соған сіздердің магистральный газопровод кетіп бара жатыр екен, кедергі жасап отырсыңдар сендер. Біздің Мақат ауданының экономикасына тікелей кедергі жасап отырсыңдар.	жөнінде менеджері, НКОК Осы сұрақты мен тек қазір ғана сізден естіп отырмын. Сіз менің байланыс нөмерімді білесіз қандайда мәселе болған жағдайда маған әр уақытта хабарласа аласыз. Дегенмен бұл сұрақты тағыда бір қарастырамыз. Сондықтан НКОК компаниясына қандай бір сұрақ болып жатса, сіз білесіз маған қалай хабарласуға болатынын.	
6.	Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны Теңіз түбін қаздыңыздар, халықтың қарсылығына көнбей. Не болды ал? Теңіз жоқ болып кетті, сотқа береміз ертең. Қайталап айтамыз.	Жанаисов Уәлихан, НКОК компаниясының денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі директоры Теңіздің деңгейін айтып отырсыздар. Ол деген тек қана НКОК-дың сұрағы емес, үкімет де деңгейінде көтеріліп отырған сұрақ. Осы екі апта бұрын министрліктің атынан құрылған институттың жиналысы болды облыстық кімдігінде. Сонда біз кездесіп, бір Ақтауда, Атырауда болатын лабораториясы бар жақсы институт құрылып жатыр. Біз сол институтпен бірігіп жұмыс жасап, барлық бізде қандай зерттеген нәтижелер бар бәрін беруге келістік. Енді олар қалай жұмыс жасайды, хат жазып сұрауларыңызға болады.	Жауап берілді
7.	Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны Ақтаудан тасылатын, өткен қоғамдық тыңдауда айтылды, Теңізден шығатын қалдықтарды Атырауға әкелу жөнінде Ақтау арқылы. Қанша шығын анау деген?! Біздің халықтың, мемлекеттің ақшасы кетіп жатыр ғой анаған, екі ортаға тасымалдауға. Бұл жұмыстарын жүйелі жұмыс болама болмай ма, қашан болады? Қажеті жоқ мынадай қоғамдық тыңдауларыңызға. Сіздер бірінші орындарыңыздар талаптарымызды, содан кейін қол қоямыз өткізуге.	Жанаисов Уәлихан, НКОК компаниясының Денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі директоры Қалдық жөнінде баяғыдан біршама сұрақ көтеріліп жатыр. Кеше ғана біздің мердігердің біреуіне алып бардық. Әрбір мердігерді алғанда, сол салада мемлекеттен алатын рұқсатты тексеріп болғаның қамтамасыз етіледі. Аталатын қызмет түріне рұқсат (Разрешение на вид деятельности) деп аталатын. Біздің ең бірінші	Жауап берілді

		критерийміз сол болады. Екіншіден, компанияның тендер процедурасымен кім алады сол алады. Бәрі ашық. Кожан Жанат, инженер-эколог, НКОК Біздің мердігерлер компаниямыз қалдықтармен жұмыс жасайтын ол West Dala. Бүгінгі таңда біздің теңіз нысандарынан Атырауға ешқандай қалдықтар берілмейді, бізден де, біздің мердігерлік компаниялардан. Бүкіл теңізде пайда болатын қалдық Баутино базасына жолданып, мердігер West Dala компаниясы алып кетеді. Баутино базасына 2 түрлі қалдықты West Dala Атырауға жібереді: ол құрамында сынап бар және люминесцентті шамдар. Қазіргі таңда компанияның бүкіл офистерінде құрамында сынап бар шамдар люминесцентті шамдарға ауыстырылды. Сондықтан құрамында сынап бар шамдардың пайда болуы өте төмен. Люминесцентті шамдарды West Dala Атырауға алып келеді, себебі 1-2 жылда аз мөлшерде шығады. Сондықтан оларды құрамында сынап бар және люминесцентті шамдарды қайта өңдеу West Dala өздерінің зауыттарына жібереді. Бізге көмуге жіберілетін қалдықтар қазіргі таңда жоқ. Сондықтан біз оларды нормаламаймыз және шектемейміз.	
8.	Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны Су мәселесіне келгенде, КОС-ты көрсеттік па, алыңыздар содан, міндеттеңбеңіздер сіздер. Су керек болса, Карабатанның ішінде КОС-тың суы шығып жатыр ғой, соны тасыңыздар. Ешкім кедергі жасап жатқан жоқ. Ол да халықтың ақшасына салынған КОС. Неге алмайсыздар, мынан да, анан да алыңыздар. Міндеттеңбеніңіздер, Мақат ауданына келіп, бір зат		Қазіргі таңда мекеменің нысандарында тазартылған тұрмыстық сарқынды сулар қажеттілікке пайдалануда. Тазартылған су Батыс Ескене нысанында қарастылған жасыл желектерді суару, шаңды басу мақсатында

	жасап жатырмыз, ана жері дұрыс емес, мына жері дұрыс емес деп.		пайдалануда. Батыс Ескен аумағынан тыс пайдалану үшін артық суды қалыптастыру мүмкін емес, себебі барлық су нысанда пайдаланып отыр.
9.	Батырханов Наурызбек Әлібекұлы, қоғам белсендісі Мына жерде отырған тек қана Мақат азаматтары емес. Мынау деген бәленбай рет кездесуіміз бар. Алайда ешқандай талаптар орындалып жатқан жоқ. Жұмысқа алып жатқан жоқсыңдар. Көгалдандыруға келгенде қабілетсізді адамсыңдар, беттеріңізге айтайын, өкінішке орай. Мақаттың жеріне тал шықпайды анау-мынау, өздеріңіздің сылтауларыңызды айтасыз. Дұрыс білетін, маман адам оның бәрін шығара алады. Шығып жатыр. Мақат ішін аралаңыз, бәрі шығып жатыр, жеміс тал да, гүл тал да, алма тал да. Қабілетсізді мамансыңдар, ақшаны үнемдеп жатырсыңдар деп біз оны тек солай түсінеміз, өкініші орай.	Құлжанов Сұңқар, Жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөнінде менеджері, НКОК Жасыл желек бойынша басшымыз Уәлихан да айты. Сұрақтарыңызды естідік, талаптарыңызды қайта қарастырамыз, содан кейін жобаға керекті өзгерістер жасалынады. Алдағы уақытта қандай да өзгерістер болғанда, сіздерге хабарлаймыз.	Жауап берілді
10.	Бисенов Қадырғали, Мақат ауданының, Доссор кентінің тұрғыны, ардагер Доссорда да естіп жатырмыз, компания ақпарат берім жатыр ғой, 80% тал тірі екенін көрсетіп тұр деп. 80% емес, 20% жетпейді екенен шыбықтардың. Біз өзіміз барып осы жаңа қарап өттік бәріне. Тіпті сол егіп жатқанда өзіміз көмекке бардық өзіміз, ауыл белсенділері болып. Анау пайдағасатын нәрсе емес. Ауылға бірінші келгенде айттық, ауылда көгалдандырумен айналысатын жігіттер бар, соларды қосыңдар, таңдауға қатыссын. Ешқандай шара қолданған жоқ.	Өтесін Сарсенбай, НКОК компаниясының нысандар басқару бөлімінің жобалар үйлестірушісі Ұсыныс қабылданды	Ұсыныс қабылданды
11.	Габдуллин Ғазиз, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны	Құлжанов Сұңқар, Жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс	Жауап берілді

	Тал егетін мекеме қанша жыл егіп жатыр. НКОК компанияның ішінде өзгермейді ма? Талды шығара алмаса, босату керек.	жөнінде менеджері, НКОК Осы жердің көгалдандыру жұмысына Мақатқа да, Доссорға да жергілікті компаниялар бірігіп жасап жатыр. Бізде ішкілік өзіміздің процедураларымыз бар, ол компаниямен бірнеше жыл жасап келе жатырмыз. Алдағы уақытта көгалдандыру бойынша тендер жариялағанда, хабарландырылады.	
12.	Жұмағалиев Ахметжан, Мақат ауданының қоғамдық кеңес төрағасы Мына бүгінгі негізгі қоғамдық тыңдауларда бірінші күн тәртібіндегі мәселелер қаралу керек. Мынандай амбицияға, мынандай эмоцияға берілмеу керек. Мынау қазіргі айтып отырғандай қоғамның белсенділерінің сұрақтары дұрыс енді. Өте орынды сұрақтар. Бірақ та сол сұрақты қойғанда да, енді бәріміз бір жердің тұрғынымыз, эмоция, моралды жағында сақтағанымыз дұрыс болады. Көп эмоция берілмей, тікелей сұрау жөн. Ол мәселелер бір кісінің қолында тұрған жоқ. Сен айқала, ойбайла, желпіле, тек өзіңнің беделіңді түсіріп аласын. Бекер айтылмаған, қазіргі құрып жатқан жаңа заманымызда, жаңа Қазақстанда, бірлік бар жерде – тірлік бар деп. Бірақ Газиз көтеріп жатқан көгалдандыру мәселесі де қанша жыл көтеріліп талқыланып жатыр, тек айтылады да қойылады. Қаражат берілді, сол қаражатты не істеп жатырсын деп айтатын сендерде кісі жоқ па деп адамға ой келеді. Бір де, екі жыл да емес осы болып жатыр. Бізде күзде тал отырғызбайды, себебі қысымыз қатыгез, қарсыз. Сондықтан үйде, өзіміздің шарбағымызда қойдың, түйенің жүнімен жабамыз. Жақын арада келіп қарағанда талдарды, дұрыс емес енді ананың бәрі. Далаға таяқ тығып кеткендей.	Ұсыныс қабылданды.	Ұсыныс қабылданды

13.	Жұмағалиев Ахметжан, Мақат ауданының қоғамдық кеңес төрағасы Зауыт ол керек. Бізді халықты толғандыратын, осы зауыттың келесі ұрпағыма зияны қандай деген ойлар. Сарқынды сулар, солардың қондырғылары, қондырғылардан шығатын сулар «поля орошения»-ға құйылып, жерасты сулармен араласып, табиғатымызға әсер етпей ма деген сұрақтар туындайды. Баяндамада баяндамашы сол мәселені түсінетін адамдарға түсіндіріп отыр. Бірақ күкіртсутегінің, окись азота, т. б. солардың шығарындылар болмайды, мүлдем нөл деген ондай түсінік жоқ. Зауыт жұмысынан қандай зиян болады?	Кожан Жанат, инженер-эколог, НКОК Жұмыс бастар алдында Қоршаған ортаға әсерді бағалау (Оценка воздействия на окружающую среду) деген жоба жасақтаймыз. Бұл жобада қайбір құрылыс болсын, қызмет болсын, қоршаған ортаға, халыққа әсерін бағаланады. Әсерді бағалау нәтижесі бойынша әсер тек қана санитариялық қорғау аймағына (СҚА) келеді, ол 7 км. Бұл жоба 2019 жаңартылып, мемлекеттік сараптама келісім алынды. Бұл жобада біз ең нашар жағдай сценарийі қараймыз, сол оқиғаны модельдеуді жасаймыз, қоршаған ортаға қандай әсер болатынын. Мысалы, құбыр жарылып, зиянды заттар ауаға шыққанда, табиғатқа, халыққа қандай әсер болатынын программа арқылы бағалаймыз. Соның қортындысы бойынша осындай оқиғада әсер санитариялық қорғау аймағына болады, әрі қарай әсер тарамайды деп берілген. Бұл жоба біз жасақтағанмен бүкіл құзыретті органдармен талқыланып, қоғаммен талқыланып сараптамадан өткен жоба. Ол жоба бірақ тоқсан сайын, ай сайын мониторинг жасақтап тексеріліп тұрады яғни ауа, су, жер сапасын тексереміз. Мониторингті 10 жылдан астам жүргіземіз, әсері шектеулі рауалды концентратта белгіленіп тұр.	Жауап берілді
14.	Жұмағалиев Ахметжан, Мақат аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Шығарындар жоқ қондырғылар болса да, форс-мажор болмайды деп ешкім гарантия бере алмайды. Сондай жағдайда не істейсіз? Жасалатын шараларыңызды айтып, қоғамның пікірін естіп тыңдауларыңызға ұсыныс.	Жанаисов Уәлихан, НКОК компаниясының Денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі директоры Мониторинг жөнінде айтқым келеді. Манағы әрбір жұмыс бастамас бұрын мониторинг болады, жұмыс кезінде мониторинг болады, сосын жұмыс біткеннен кейін мониторинг болады. Ол есептердің бәрі жергілікті Экология департаментіне тапсырылады. Өкілі отыр осы жерде. Ол есептер басқа да органдарға тапсырылады. Оның бәрін жазбаша түрде сұрастырысыңыз беруге болады. Мониторинг станция	Жауап берілді

		тралы айтқым келеді. Ол деген барлық станциялар Қазгидрометке онлайн түрде қосылған, жергілікті органдардың инспекторларына көрсеттік, кезінде тексеріс болғанда өздері қарап, көздерін жеткізді. Ешқандай адамның араласуы жоқ, тікелей 20 минут сайын деректер жаңартылып, тікелей Қазгидрометке түсіп тұрады. Толықтыру: На основе оценки риска НКОК Н.В. сценарием, при котором возможно возникновение опасности при распространении на населенные пункты, является большой или очень большой выброс из ловушки конденсата вероятностью в год: $6,57 \times 10^{-4}$ для очень большого выброса и 1.42×10^{-3} для большого выброса. Согласно анализу риска возникновения аварий, было установлено, что УКПНиГ не создает «неприемлемого» риска для населения. В случае возникновения опасности для населенных пунктов от рассмотренных аварий, сочетание тяжести последствий и расчетной частоты возникновения аварии находится в «приемлемой» (зеленой) зоне матрицы риска.	
15.	Халенов Сабит Сүлейменұлы, аудандық ардагерлер кенесінің төрағасы Біздің қазіргі жиында айтылып жатқан наразылықтар өте дұрыс. Шынында, Аджип, НКОК келгелі әлдеқашан орман болатын уақыты келді. Қанша ақша, кетіп жатыр. Енді осының бір түрге келтіру керек. Ол үшін былай келіп кету емес, Доссор да болсын, Мақатта болсын представительство ашу керек, 1-2 адам ауданға қатысты мәселелермен айналысу керек.		Мақат ауданында Компания өкілдігін ашу жоспарда жоқ. Алайда Компания осы жылы «Халықпен кері байланыс жүйесін» іске қосып, барлық арыз-талап, ұсыныстар қабылданып қаралатын болады

16.	Халенов Сәбит Сүлейменұлы, аудандық ардагерлер кенесінің төрағасы НКОК компаниясы өкілдері қалдықтарға лимит белгіленбейді дейді. Өйткені, компания өз полигондарында қалдықтар болмауды жүзеге асырмайды. Түзелген қалдықтар шарт бойынша сыртқы мекемелерге тапсырылады. Сыртқа қай жаққа кетеді сонда?	Кожан Жанат, инженер-эколог, НКОК Өндірістен пайда болатын бүкіл қалдықтар West Dala мекемесіне тапсырамыз.	Жауап берілді
17.	Халенов Сәбит Сүлейменұлы, аудандық ардагерлер кенесінің төрағасы Тұтыну, жөнелту жөнінде темір жол арқылы. Қандай вагондар түрлеріне тиеледі?	Кожан Жанат, инженер-эколог, НКОК Күкірттің тасымалдау немесе сату үшін біздің жоба акционерлеры жауапты. Біздер күкірті алып, вагонға тиеміз де, әрі қарай акционерлердің құзыретіне жатады. Ол арнайы вагондар, астына ішпек (вкладыш) салынады, тасығанда күкірт ұнтақтары жерге түспей үшін. Беті жабылады, жүріп бара жатқанда, топырақтануды алдын алу үшін.	Жауап берілді
18.	Бисенов Қадырғали, Мақат ауданының, Доссор кентінің тұрғыны, ардагер Күкірт жөнінде. Мен өзім ТШО 44 жыл жасадым. Күкірттің қандай зияны бар екенін өзім көрдім. Әсері тек 7 км болады деп отыр ғой, ондай тіптен болмайды. Өтірік ақпарат қой, дұрыс ақпарат неге бермейсіңдер.	Кожан Жанат, инженер-эколог, НКОК Сіз айтып отырғанда, күкірт өте зиянды деп. Қазақстанда күкірт өнім деп белгілінген, қазіргі өндірістік-экологиялық мониторинг, производственно-экологический мониторинг (ПЭК), шеңберінде біздер ауаның сапасын, айналасындағы топырақтың, судың сапасын зерттейміз. Жақында сәуір-мамыр айлар арасында, жылы мезгіл басталғанда мониторинг тәулік бойы жүргіздік. Біздің мердігерлі компания ғана жүргізген жоқ, біз 3 институтты бізге қосып алдық, бізбен бірге институт та көрсін, олар өздерінің нәтижесін көрсетсін деп. Сол нәтиже қортындайлары қазіргі күкірт сақтау аландарында қоршаған ортаға негативті әсер жоқ екенін көрсеті. Яғни бізде белгіленген нәтижені көрсетті. Олар Атыраулық жергілікті 2 университеттер және Әл-Фараби атындағы ҚҰУ өкілдері зерттеу жүргізуде.	Жауап берілді

	Толықтыру Қандай компания, қандай аппаратпен көрсетті?	Мәліметтерді біліп, жауап беремін, жатқа білмеймін Толықтыру: Сынама газанализатор ГАНК, аспираторлар, собриционның трубка, метеометр деген құралдарымен алынды. Бұл құрылғы ҚР Мемлекеттік өлшеу жүйесіне тіркеліп жәнеде ИСО 17025 талаптарына сай аккредиттелген.	
19.	Бисенов Қадырғали, Мақат ауданының, Доссор кентінің тұрғыны, ардагер Сосын сіздер тек түйіршікті күкірт жинайсыздар, ал түйіршіктелгенге дейін күкірт қайда болады? Ашық полигонда болады ма?	Кожан Жанат, инженер-эколог, НКОК Бізде күкірт картасы жасақталған. Ол 6 картадан тұрады. Ол картаға күкірт құйған кезде, жан жағын ағашпен қаптайды. Көтергеннен кейін бетін пленкамен жабылады. Қазір бір карта толық тұр, оның беті пленкамен жабық тұр. Одан қоршаған ортаға әсері жоқ. Қалған карталар құю барысында.	Жауап берілді
20.	Габдуллин Ғазиз, «Aqıqat» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны Өз полигонда көмуді жүзеге асырмайды деп жазып қойыпсыздар. Қайда тапсырасыздар онда? Осы жерде дұрыс жауап берген жоқсыздар.	Кожан Жанат, инженер-эколог, НКОК Өндірістен пайда болатын біздің бүткіл қалдықтар , West Dala мекемесіне тапсырамыз. Бізде қалдық сақтайтын полигон жоқ.	Жауап берілді
21.	Габдуллин Ғазиз, «Aqıqat» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданының тұрғыны Қалдықтың әркімнің қолына беріп жатсыңдар, ал оны қадағаламайсыздар, біздер мердігерлерімізге құқымыз жоқ дейсіздер. West Dala жолдың бойында 100 метр тұр. Соны біз өткен сайын жұтып отырық. 1 желтоқсанда 2022 жылы West Dala полигонына бардық, онда жүруге мүмкін емес. Сіздерге талап, НКОК компаниясы өздеріңізге полигон салыңыздар. Толықтыру, ФИО Мақат ауданының ардагері, белсендісі West Dala полигонында механикалық, биологиялық өндіру, сосын пеште. Біреуде жасамайды ғой. Механикалық да құрт жоқ, пеш жасамайды, маман	Жанаисов Уәлихан, НКОК компаниясының Денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі директоры Бұл сұрақ біршама көтерілді. Сондықтан кеше қоғамдық белсенділермен біз West Dala нысандарына апарып барлық процестерін, қалай қалдық кіреді, қалай өндіріледі, қай жерде сақталады бәрін көрсетті. Сондықтан менімше West Dala заң бұзушылық жасап жатса, ол өзі жеке кәсіпкерлер ғой, заңның алдында жауап кершілігі бар. Біз өзіміздің тарапымыздан жыл сайын қарап аудит жасап отырамыз. Біздің әрбір қалдық алғанда қабылдау-тапсыру актісі толтырады. Ол акті апарып тапсырады, оның 3-4 көшірмесі бар. Тек қана біз емес, оларды экология департаменті, СЭС тексереді. Солар барлығы келіп тексергенде, олар	Жауап берілді

	Ресейден келу керек, қазір келе алмайды. Соған комиссия құрып бардық, арасында мемлекеттік органдар да бар. Ештеңе жұмыс жасамайды, бәрі ашық жатыр. Сендер тек беріп құтылыңдар да болды. Мердігерлерді бақылау керек. Толықтыру, Жұмағалиев Ахметжан, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Осы адамдардың сұрап жатқандары қысқаша айтқанда: ақша кімдікі? Сізден шығып отыр ғой, сіз келісім-шартқа отырдыңдар ғой. Олар келісім-шартты орындамай отыр ғой, сендер неге сотқа бермейсіз? Сіз қалай деп түсінсеңіз де, қоғам басқаша түсінеді	оның бәрін көрсету керек. Соның бәрін болса, дұрыс жасап жатыр екенін көрсетеді. Күн сайын барып, қадағалауға заңмен қарастылмаған және де мүмкіндігіміз жоқ. Полигонды ұсыныс ретінде жаздық.	
